

«Нұрай» ЖШС жеке балабақшасы



Балабақша менгерушісі:
Д. Баскшова

Тексерілді:

Балабақша әдіскері:

А. Айғабыл

Әкелер мектебі

«Әкеге қарап ұл өсер»

Топ тәрбиешілері: Жұбатқан Назым

Бақытжанова Ботакөз

2024-2025 оқу жылы

Тақырыбы: Әкеге қарап ұл өсер!

Мақсаты:

Әкелердің бала тәрбиесіне қатысуын арттыру.

Балалардың қолөнерге деген қызығушылығын ояту.

Әкелер мен балалардың бірлескен шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру.

Ұлттық дәстүрлерді (қамшы өру, ағаш бұйымдарын жасау) насихаттау.

Қоршаған ортаға қамқорлық жасауға тәрбиелеу (құстарға ұя жасау арқылы).

Тақырыптың мазмұны:

1. Құстарға ұя жасау:

- Құстардың табиғаттағы маңызы туралы әңгіме.
- Құстарға қамқорлық жасаудың маңыздылығы.
- Ұяның түрлері, оларды жасау жолдары туралы түсінік.
- Қарапайым материалдардан ұя жасау шеберлік сағаты.

2. Қамшы өру:

- Қамшының қазақ халқының өміріндегі орны.
- Қамшы өрудің қарапайым жолдарын көрсету.
- Балалардың қатысуымен қамшы өруге жаттығу.
- Ұлттық қолөнерге деген қызығушылықты ояту.

3. Сандықша жасау:

- Сандықтың тарихы мен маңызы туралы әңгіме.
- Қарапайым сандықша жасаудың кезеңдері.
- Әкелердің шеберліктері арқылы сандықша жасауға көмектесу.
- Балалардың өз қолымен жасаған бұйымдарға деген сүйіспеншілігін арттыру.

Тәрбие сағатының барысы:

- Балабақша тәрбиешісінің кіріспе сөзі, “Әкелер мектебінің” мақсаты.
- Әкелер мен балаларды жылы қарсы алу, тақырыпты таныстыру.
- Балалардың қызығушылығын ояту үшін қысқаша әңгімелесу (құстар туралы, қамшы, сандық туралы).

○

○ Құстарға ұя жасау

- Ұя жасау үшін қажетті материалдарды көрсету (ағаш тақтайшалар, қағаз, желім, қайшы, т.б.).

- Әкелердің көмегімен ұя жасаудың қарапайым үлгісін көрсету.
- Балалардың өз қолдарымен ұя жасауына көмектесу.

○ **Қамшы өру**

- Қамшының тарихы, қолданылуы туралы қысқаша әңгіме.
- Қамшы өрудің қарапайым әдістерін көрсету (жіп, қайыс пайдаланып).
- Балаларға өруге көмектесу, олардың қатысуын қамтамасыз ету.

○ **Сандықша жасау**

- Сандықша жасау үшін қажетті материалдарды көрсету (картон, қағаз, желім, қайшы, т.б.).
- Әкелердің көмегімен сандықша жасаудың қарапайым үлгісін көрсету.
- Балалардың өз сандықшаларын жасауына бағыт беру, көмектесу.

2. **Қорытынды**

- Жасалған жұмыстардың көрмесін ұйымдастыру.
- Әкелер мен балалардың өз жұмыстары туралы пікірлерін тыңдау.
- Тәрбие сағатының қорытындысын шығару.
- Әкелерге алғыс айту, естелікке фотосуреттерге түсу.

Қажетті құрал-жабдықтар:

- Құстарға ұя жасау үшін: ағаш тақтайшалар, қағаз, желім, қайшы, қайшы, пышақ, бұрғы, жіп, т.б.
- Қамшы өру үшін: қайыс немесе жіп, қайшы, т.б.
- Сандықша жасау үшін: картон, түрлі-түсті қағаздар, желім, қайшы, т.б.
- Музыкалық фон (ұлттық күйлер)
- Суреттер, плакаттар (құстар, қамшы, сандық туралы)



**«Шанырақ» ересек тобы
«Әкелер мектебі» аясында жүргізілген жұмыстар
07.11.2024 жыл**

**«Нұрай» жеке балабақшасында
Бір тұтас тәрбие аясындағы іс-шара
апталығы
2024-25 оқу жылы**

Анықтама

Тәрбиеші: Жұбатқан Назым

Бақытжанова Ботагөз

«Шаңырақ» ересек тобы

Тақырыбы: «Әкелер мектебі»

Балабақшада әкелер мектебінің жұмысы ұйымдастырылды. Әке мен бала арасында отбасылық құндылықты насихаттау барысында тәрбиелік маңызы бар жұмыс көрсетілді.

Балалардың өнерлерімен дайындықтары өте жақсы. Дайындап жасалған бұйымдар, олардың ерекшеліктерін көрсетті.

Әкелердің дайындап әкелген қамшы, баулық таныстырды, ағаштан ұйя жасап олардың қалай жасалу жолдарымен қасиеттерін таныстыру барысында әкенін өнеге сөздерімен тәрбиелік аясында жұмысты көре алдық.

Әкелерді белсенді түрде балабақша өміріне қатыстырып байланысты нығайту.

Әдіскер:



А.Айғабыл